Мұғалжар алды белдемі жерасты ағысының қалыптасу жағдайлары өзен аңғарларының төрттік аллювийінен ортаңғы палеозой-мезозой-кайнозой жасына дейінгі таужыныстарының фациалды кешенінің сүеткізгіштігімен тығыз байланысты. Олар литологиялық негізінен құмдар, құмдақтар, мергелдер, аргиллиттер, бормен ашылған. Оралтау-Сақмар белдемінің оңтүстік жалғасында орналаса отырып, Мұғалжар маңы бетінде палеогеннен тұратын, бунақтар және аңғарлармен бөлінген, синклиналды құрылымдардың кезектесуінен тұратын, ойысты ашады. Оның төменгі жағында жоғарғы және төменгі бор таужыныстары байқалады.

Бұл жерде барынша гидрогеологиялық зерттелген құрылымдар Бақай синклиналы болып табылады, ол Мұғалжар алды ойысына біртіндеп ауысады.

Бұл құрылымдық белдемнің гидрогеологиялық ерекшеліктері бойынша Ж.С.Сыдықовпен алты литофациалды кешендер бөлінеді: 1) сазды-кремнийлы (D₂₊₃), 2) құмдақты-конгломератты (D₃), 3) төменгі аргиллитті (D₃-C_{1t}), 4) құмдақты (C_{1t}), 5) жоғарғы аргиллитті (C_{1t}) және 6) әктасты-доломитті (C_{1v}).

Аталған сулы кешендер ішінде аймақтық сулы екінші, төртінші және алтыншы болып табылады. Басқа кешендердің түзілімдерінде сулылық құмдақтар мен қмдардың аз қалыңдықты қабаттары ме лнзаларында, сол

сияқты қарқынды мору процестеріне ұшыраған, ойыстардың жиектік белдемдері бойында ғана белгіленеді.

Құмдақты-конгломератты сулы кешен Мұғалжар маңы ойысы кимасында ғана жатады, ол жерде Басты Мұғалжар жотасы бойында ашылады. Шамамен батыста және шығыста сызықты ығысулармен шектелген, грабен тәрізді аңғарларды қамти отырып, солтүстікте темір жолдан Терісбұтақ өзеніне дейін.

Осы жерде кешен түзілімдері төмендейді және Сақмар-Көкпекті белдемінде көтерілімдер 530-600м тереңдіктерде ашылады. Олар бұл жерде гравелиттерге ауысатын, әртүрлі түйірлі құмдақтармен, конгломераттар және құмайтгастармен ашылған.

Мұғалжар алды ойысының шығысында, Мұғалжардың батыс беткейі бойында 0,05-0,10л/с-тан 5л/с дейінгі шығындармен көптеген тұмалы бұлақтар қалыптасады. Қабаттардың еңісі бойынша батысқа қарай, жерасты сулары үлкен тереңдікке төмендейді, сол уақытта арынды болады. Терісбұтақ өзенінің оң жағалауы мен солтүстік батысында, кешеннің жерасты сулары 44-79м тереңдікте ұңғымалармен ашылады.

Құмдақты сулы кешен Бақай синклиналында жатады және Мұғалжар алды ойысының батыс бөлігінде жатады. Кешеннің жерасты сулары Ақтөбе ауылын сумен қамтамасыз ету үшін, ұңғымаларда ғана сынамаланады, ол жерде минералдылығы 303мг/л, 0,4л/с дейінгі тұщы сулар алынды.

Әктасты-доломитті сулы кешен Көкпекті антиклиналы көтерілімінде, Сақмар-Көкпекті белдемінің солтүстік бөлігінде ашылады. Бұл жерде, құрылымның төмендеген қанатында доломиттер мен әктастардан, минералдылығы 4г/л сулар алынды.

5 кешен бойынша (аллювиалды – Ембі өзенінің жоғарғы жағы, жоғарғы және төменгі бор, бөлінбеген төменгі-жоғарғы бор мен теңіздік төрттік түзілімдер) Мұғалжар алды ойысының аумағы бойынша анықталған жалпы жерасты ағыны 157,30млн.м³/жыл немесе 4,9м³/м құрады.

Бұл кешендер үшін жерасты ағыны модулының шамасы есептеулерде келесідей шектерде өзгереді (л/с*км): аллювиалды -0,2-0,6; жоғарғы бор – 0,1-0,4; төменгі бор – 0,4-0,6; төменгі-жоғарғы бор 0,4-0,6; теңіздік төрттік түзілімдер – 0,1-0,3.

Жасыл тасты және Орал-Тобыл белдемінің жерасты ағынының қалыптасуы Оралтау-Мұғалжар таулы-қатпарлы облысы белдеміндегідей. Айырмашылығы тек сулы түзілімдердің литологиялық құрамы мен олардың сыйымдылық қасиеттерінде ғана.

Жасыл тасты белдем тектоникалық жарылымдар бойынша тікелей Оралтау белдеміне жанасады және құрылымдық жоғары силур мен төменгі-ортаңғы девонның шөгінді-жанартаулы таужыныстарының қалың кешенімен орындалған, ірі геосинклиналды ойысты ашады.

Жоғарғы силур таужыныстары негізінен жасыл тасты тақтатастар, туфтармен қайта қабаттасатын диабаз-спилитті таужыныстарымен, диабазды порфириттер және кварцты диабаз-порфириттермен ашылған. Жоғарыда

кремнийлі тақтатастар, туфтар мен төменгі-ортаңғы девонның туфты-кұмдақтары жатады. Олардың барлығы метаморфталған, қарқынды дислоцирленген және интрузиялармен бұзылған.

Жасыл тасты белдемнің құрылымында меридионалды бағыта созылып жатқан, синклинорийдің енді жолағымен бөлінген, екі ірі антиклинорий қатысады. Батыс Жамантау антиклинорийіне Басты Мұғалжар жотасы, ал шығыс Жанганинге аттас шашыраңқы жоталар сәйкес келеді.

Суайырықты сызықтың енінде Ор және Ембі өзендерінің жоғары жақтарында бұл антиклинорийлер жақындап, антиклинорийлердің бірегей күрделі жүйесін түзеді. Олар оңтүстікке қарай қайтадан алыстайды және олардың арасында жоғарғы девон мен төменгі таскөмірдің әлсіз дислоцирленген түзілімдерінен құралған, үстемеленген Бершоғыр мұльдасы пайда болады.

Олар әктастар, мергелдер, әктасты және сидеритті құмдақтармен, сазды тақтатастармен, тасты көмірлердің қабатшалары бар аргиллитермен және негіздегі қалың базалды конгломераттармен ашылған.

Антиклинорийлардың ажырауының солтүстік тармағы шектерінде, батыста жоғарғы девон және шығыста төменгі таскөмір түзілімдерінен тұратын, жаңа үстемеленген құрылым пайда болады.

Бұл құрылым екі дербес депрессиялардан тұрады: Дондық – оңтүстікте және Ор – солтүстікте. Олар енді Қызылқайың көтерілімімен ажыратылады, оның осьтік бөлігі аттас өзен аңғары бойынан өтеді.

Геологиялық әдебиетте Орал-Тобыл белдемі деп аталатын, Мұғалжардың орталық бөлігіндегі барынша ірі және көне геоантиклиналды құрылым, қарастырылып отырған аумақ шектерінде 55-70км енді иеленеді.

Ол кембрийге дейінгі қарқынды дислоцирленген таужыныстарынан тұрады: гнейстер, гранитті-гнейстер, кварциттер және 15-20м қалыңдықтағы әртүрлі кристалды тақтатастар. Бұл жаралымдар күрделі тік қатпарларға жиналған.

Кембрийге дейінгі түзілімдерде, әсіресе белдем жиектері бойынша, жарылымдармен шектелген жіңішке меридионалды жолақтар түрінде төменгі палеозойдың аз метаморфталған таужыныстары жатады.

Кей жерлерде төменгі-ортаңғы таскөмір түзілімдерінен тұратын, үстемеленген синклиналды құрылымдар-грабендер дамыған; әктастармен, сазды тақтатастармен, тасты көмір қабатшалары бар құмдақтар және конгломераттар. Соңғылар аз дислоцирленген және тығыздалған, бұл оларды платформалық жаралымдармен жақындастырады.

Қарастырылып отырған белдемнің палеозойға дейінгі қарқынды дислоцирленген және тығыздалған таужыныстарының стратиграфиялық-петрологиялық жағдайларының үлкен айырмашылықтарына қарамастан, қиманың назар зерттелуі олардың таралу шектерінде барынша аздаған суды бөлімшелерге бөлуге мүмкіндік бермейді.

Бұл жерде Ор депрессиясы бойынша юра мен аллювиалды төрттік түзілімдердің жерасты сулары және белдемнің қалған бөлігі бойынша – метаморфталған девон-таскөмір таужыныстарының жерасты сулары бөлінген.

Оралтау-Мұғалжар таулы-қатпарлы облысының алдыңғы белдемдерін сипаттауда, монолитті көне кешендердің жерасты сулары негізінен жарылымдар мен мору жарықшақтары белдемінде тектоникалық жарықшақтық есебінен қалыптасады,

Жарықшақ пайда болу поцестерінің қарқындылығы мен жер бетінің гипсометриясына байланысты жерасты суларының жатыс тереңдігі өзгереді. Ол орташа барлық жерде шамамен 30-50м құрайды. Сулы таужыныстарының сулылығы Сақмар және Оралтау белдемдері бойынша қазылған ұңғыма, құдық, қайнарлар шамаларына сай.

Белсенді су алмасудың гидродинамикалық белдеміне кіретін, сулы жаралымдардың даму алаңы шектерінде жалпы жерасты ағысы, бағаланған сулы кешендердің жерасты ағынының минималды және максималды модулдерін таратуда 62,44млн.м³/жыл немесе 1,9м³/с құрайды: аллювиалды – 0,3-1,2; юра – 0,3-0,5; девон-таскөмір – 0,1-0,6.

Сөйтіп, Қазақстанның батыс бөлігінде Оралтау-Мұғалжар таулы-қатпарлы облысын – бірінші реттегі ауданның жерасты ағынының қалыптасу жағдайларын қарастыра отырып, оның аумағы шектерінде еркін су алмасу белдемінде қазіргі уақытта 611,25млн.м³/жыл немесе сапасы жақсы жерасты суларында 19,38м³/с қалыптасады.

2.2 Қаратау – Солтүстік – Ақтау төмен таулы ауданы

Бозашы ойпатты жазығының оңтүстігінде шоқылы-атызды денудациялық жазықтық созылып жатыр, ол 532-556м жоғары белгілерімен Таулы Қаратаудың оңтүстігіне қарай ауысады.

Қаратау тауларында бұл ауданның ең көне түзілімдері ашылады – пермь және триас; Қаратау маңы аңғарларында юра және бор түзілімдері; Ақтау тауларында – бор және палеоген жаралымдары жер бетіне шығады.

Перм-триас таужыныстары шайылу арқылы қатпарлы іргетас таужыныстарына жатады және метаморфталған, қарқынды жаншылған құмдақтар, құмайттастар және аргиллитермен ашылған. Олар жер бетіне Қаратау – Тұмғашы, Қарашек, Құнанбай таулы массивтерінде жер бетіне шығады және 3000м дейінгі тереңдіктерде ұңғымалармен ашылған.

150м дейінгі тереңдіктегі ұңғымалар көп мөлшерде барынша жарықшақты телімдерде, таужыныстарының жер бетіне шыққан және олардың терең емес жатқан жерлерінде бұрғыланған (Жаңажол, Қосбұлақ, Тұщыбек, Шайыр, Данспан, Долюапа, Аусар, Қарақұдық, Жармыш).

Таужыныстарының сулылығы олардың жарықшақтық деңгейіне тікелей байланысты. Барынша жарықшақты және сулы белдемдер тектоникалық бұзылыстарға ұштасқан; тереңдеген сайын жарықшақтық азаяды. Су деңгейі

16-20м төмендегенде ұңғымалардың дебиттері 5-14л/с, су деңгейі 12м төмендегенде 0,1л/с төмендейді.

Жарықшақты телімдерде жерасты суларының минералдылығы әдетте жоғары емес – 0,3-1,0г/л, олардан алыстаған және тереңдеген сайын сулар аз тұздықты және 12г/ дейінгі тұздың құрамы бар тұзды болады. Химиялық құрамы гидрокарбонатты натрийлі – кальцийліден сульфатты-хлоридті натрийліге дейін өзгереді.

Таужыныстарының жоғары сулылығы арқасында жерасты сулары ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз ету және жерді суару үшін қолайлы телімдерде кеңінен пайдаланылады.

Жерасты суларының қоректенуі атмосфералық жауын-шашындар мен қар суларының инфильтрациясы есебінен болады, барынша қарқынды селдік жаңбырлар уақытында болады.

Арылу сіңу облыстарында қайнарлар есебінен және жерасты суларының жарылымдар бойынша басқа сулы қабаттарға ағуы есебінен жүзеге асырылады.

Перм-триас түзілімдері жерасты суларының қоректенуінің тұрақты облысы Орталық-Үстірт көтерілімінің солтүстік беткейіне шығады. Бұл жерде атмосфералық жауын-шашындар аймақтық жарылымның жазықтығы бойынша кембрийге дейінгі гидрогеологиялық сериялардың сулы жаралымдарымен жанасады.

Бағалау нәтижелері бойынша, жерасты ағынының $0,35\text{л/с}\cdot\text{км}^2$ орташа модулында жалпы жерасты ағынының шамасы 31,5млн.м³ құрайды.

Бөлінбеген юра түзілімдері көбінесе терригенді құрамды, кей жерлерде көмірлі және карбонатты-терригенді, кеңінен таралған. Олар жер бетіне Таулы Қаратауда шығады, қалған аумақта 40-140метрден 3300м дейінгі тереңдіктерде ашылады, геофизикалық деректер бойынша шамамен 4км дейінгі тереңдікте белгіленеді.

Барынша гидрогеологиялық қызығушылықты таужыныстарының жер бетіне шыққан және олардың терең емес жатқан (140м дейін) телімдері иеленеді. Сулы горизонттар төмендеген сайын тұзды суларды және қатты тұздықтарды, жоғары температуралы суларды құрайды, бірақ олар халық шаруашылығында жарамсыз, тек тұздықтар бром, бор және йодтың өнеркәсіптік концентрацияларымен, осы элементтерді алу көзі болуы мүмкін.

Батыс және Шығыс Қаратау тау етектерінде жерасты суларының минералдылығы 0,5-2г/л дейін өзгереді, құрамы сульфатты-хлоридті натрийлі, 100м үлкен тереңдікте хлорлы натрийлі.

Жерасты сулары арынды, жер бетіне шыққанда да судың арыны 50м жетеді, 200м тереңдікте арын жоғарылайды және пьезометрлік деңгей жер бетінен жоғарыда белгіленеді.

Қарастырылып отырған белдемде таужыныстарының тектоникалық ұсақталуы әртүрлі стратиграфиялық горизонттардың жерасты суларының гидравликалық өзара байланысының белгіленуіне әсер етеді. Осыған

байланысты әртүрлі телімдерде гидрогеологиялық зерттеулерде неоком түзілімдерімен байланысы бар юра горизонттары зерттелді.

Жерасты суларының таралу аумақтарында сулылығы жоғары ұқсас телімдер зерттелген. Сулар жарамды және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады, су деңгейі 2,9-68,9м төмендегенде ұңғымалардың дебиттері 0,1-1,0-ден 4-5л/с дейін ауытқиды. Пьезометрикалық деңгей +75-тен 64м дейінгі тереңдікте белгіленген. Таушықтың маңында сулар тұздықты, минералдылығы 5-13,5г/л, су деңгейі 6-29м төмендегенде ұңғымалардың дебиттері 1,2-5,7л/с.

Юра түзілімдерінің жалпы жерасты ағынының шамасы жерасты ағынының төменгі модулін және қолайлы телімдерде 0,1-0,3л/с граацияға дейін оның жоғарылайтын модулін ескеру арқылы бағаланды, сондықтан модульдің орташа шамасы 0,1л/с*км², жерасты ағынының жалпы шамасы 0,06л/с*км² немесе 1,9млн.м³/жылды құрайды.

Төменгі бор түзілімдерінің жерасты сулары (неоком, альб) барлық жерде таралған, түзілімдер тек қана Таулы Маңғыстаудың күмбездік бөліктеріндегі құрылымдарда ғана жоқ. Олар бұрыштық үйлесімсіздікпен юраның әртүрлі горизонттарында жатады, Беке-Басқұдық мегаантиклиналы қанаттарында, Қаратау маңы аңғарларында, ойыстардың Оңтүстік-Маңғыстау-Үстірт белдемінің шығыс бөлігінде аздаған телімдермен жер бетіне шығады.

Қима неоком-апт, альбтың терригенді, кейде карбонатты түзілімдерімен ашылған. Таужыныстарының ашылу телімдерінде жерасты сулары 50-200м тереңдіктерде, 500-900м төмендейді, сулар аз арынды, арының шамасы 10-15м және тереңдеген сайын 500м дейін жоғарылайды.

Жерасты сулары деңгейінің терең емес жатуында олардың тұздылығы аздаған және 3г/л жоғары емес, химиялық құрамы сульфатты-хлоридті натрийлі.

Жарылым маңы телімдеріне ұштасқан, таужыныстарының жоғары жарықшақтығымен ерекшеленетін қарастырылып отырған белдем шектерінде, неокомның сулы түзілімдері Таушық, Шершелі, Торыш, Ағашты телімдерінде жоғары сулылықты иеленеді.

Сулар көбінесе аз тұздықты және тұщы, жерді суару үшін және ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін кеңінен пайдаланылады. Су деңгейі 20-30м төмендегенде, ұңғымалардың дебиттері 10л/с жетеді, арындар 50м жоғары, деңгейлер 1,5-20м тереңдіктерде белгіленеді.

Неоком қабатынан жоғарыда жоғарғы бордың сеноман таужыныстарымен жабылатын, сулы альб түзілімдері жатады. Альб пен сеноманның сулы горизонттары гидравликалық өзара байланысты және бірегей, барынша перспективті кешен ретінде қарастырылады.

Сулы кешен минералдылығы әртүрлі жерасты суларының үлкен көлемін қамтиды. Бұл жерде жерді суару үшін - ірі жерасты суларының Солтүстік-Ақтау кенорыны, Ақтау облыс орталығын техникалық сумен қамтамасыз ету үшін - Құйылыс кенорыны, Шетпе аудан орталығын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін - Қуйбышев кенорыны барланған.

Сеноман қабаттарынан тұратын, бұл кенорындар қимасының жоғарғы бөлігін белсенді су алмасу белдемінің табанынан жатқызуға болады. Бұл жерде жерасты сулары 200-250м тереңдіктерде ашылады, деңгейлер 25-30м белгіленген.

Ұңғымалардың дебиттері су деңгейі 10-20м төмендегенде 3-17л/с дейін ауытқиды, жерасты суларының минералдылығы 3г/л жоғары емес, химиялық құрамы хлоридті-сульфатты натрийлі.

Төменгі бор түзілімдерінің сулы кешені дамыған алаң шектерінде жерасты ағыны шамасы 94,6млн.м³/жыл немесе 0,3м³/с, жерасты ағынының орташа өлшенген модулінің шамасы 0,12л/с*км² құрайды.

Қаратау-Солтүстік Ақтау ауданы шектерінде жоғарғы бор, палеоген және неоген түзілімдерінде жерасты сулары шектеулі алаңдарды иеленетін, жергілікті телімдерде ашылған.

Түзілімдердің сулылығы төмен, ұңғымалардың дебиттері 0,1л/с жоғары емес, сондықтан жерасты суларының практикалық маңыздылығы жоқ. Жерасты ағыны модулі 0,1л/с*км², сулы ағыс төмендегіні құрады: жоғарғы бор түзілімдері – 12,6 млн.м³/жыл немесе 0,4м³/с, палеоген – 12,6м³/жыл немесе 0,4м³/с, неоген түзілімдерінде - палеоген – 12,6м³/жыл немесе 0,4м³/с, неоген түзілімдерінде –0,03м³/с немесе 0,9 млн.м³/жыл.

Плиоцен-төрттік жастағы түзілімдер қарастырылып отырған ауданның шектерінде аздаған телімдерде жатады, бұл құмдар литологиялық түйіршіктері әртүрлі, олар жиі соғатын қатты желдердің әсерінен дефляция процестеріне ұшырайды, соның арқасында қалыңдығы бойынша әртүрлі эолды құмдардың массивтері пайда болады.

Сауысқан, басқұдық, Түйесу ең үлкен ірі құмдақты массивтері құмдарында тұщы жерасты суларын құрайды. Бұл жерде ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жерасты суларының аттас кенорындары барланды, оның ішінде Сауысқан мен Түйесу 25 жылдан көп пайдаланылуда.

Жерасты сулары 1,5-2,5м тереңдікте ұсақ және жіңішке түйірлі құмдарда жатады (бедерге байланысты). Сулар грунтты, су деңгейі 10-12м төмендегенде, ұңғымалардың дебиттері 0,7-4,0л/с дейін өзгереді. Пайдалану уақытында қорлардың мөлшері болды, бірақта көп ұңғымалар бойынша 2-5метрге дейін динамикалық деңгейдің қоры бар.

Одан басқа, әртүрлі гидрогеологиялық жағдайларда орналасқан, ұңғымаларды 10, 20, 30 жыл пайдалану бойынша жерасты суларының химиялық құрамының өзгеруін талдауда, оқшаулайтын горизонт бұзылғанда немесе болмағанда, гидравликалық терезелер телімінде жерасты суларының төменде жататын сеноман (Түйесу) немесе палеоген (Сауысқан) сулы қабаттарынан жоғарыда жататын эолды төрттік түзілімдерге құйылысы мүмкін. Мұндай су құйылысы белсенді сутарту жағдайларында артады.

Жерасты суларының минералдылығы тұщы сулар дамыған телімдерде 1г/л жоғары емес, құмдақты массивтердің жиектік бөліктеріне қарай ол 3-5г/л дейін жоғарылайды. Картада тұщы сулардың таралғандығы көрсетілген, яғни барынша минералды сулар жерасты суларының арылу телімдеріне жақын,

шектелген телімдерде ашылған, ол бедерде төмендеулерге сәйкес келеді және әдетте сортаңдармен қамтылған.

Жерасты суларының қоректенуі атмосфералық жауын-шашындардың инфильтрациясы, сол сияқты оқшаулануы бұзылған телімдерде төменде жатқан барынша көне горизонттардан су құйылысы есебінен жүзеге асырылады.

Қарастырылып отырған гидрогеологиялық ауданда эолды түзілімдердің жиындық жерасты ағынының шамасы біздің бағалауымыз бойынша жерасты ағынының $0,15\text{л/с}\cdot\text{км}^2$ орташа модулінде, $4,73\text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $0,15\text{м}^3/\text{с}$ құрады.

Сортаңды түзілімдердің жерасты сулары аздаған телімдерде таралған, олар барынша жоғары гипсометрлік белгілерде жататын, барынша көне сулы қабаттардың жерасты суларының арылу ошақтары болып табылады. Сулар лайлы жіңішке түйірлі құмдар, құмтастарда болады, қатты минералды және практикалық маңызды емес. Жерасты ағынының модулі $0,1\text{л/с}\cdot\text{км}^2$, есептеу алаңдарында жерасты ағыны $0,01\text{м}^3/\text{с}$ немесе $3,1\text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ ды құрайды.

Сипатталған аудан бойынша жерасты су ағыны $48,8\text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $1,55\text{м}^3/\text{с}$ құрайды.

2.3 Каспий маңы ойпаты мен Батыс Орал алдының солтүстік және солтүстік-шығыс бүйір маңы бөліктеріндегі қыратты жазықтар

Шығыс-Европа платформасының шеткі бөлігі болып табылатын, көне Каспий маңы ойпатын солтүстіктен, солтүстік-шығыстан жиектейтін аумақтың гидрогеологиялық жағдайлары, Қазақстанның батыс бөлігінде жерасты суларының, әсіресе белсенді су алмасу белдемінің жерасты ағынының қалыптасуында маңызды ролді атқарады.

Бұған ең алдымен бедердің қолайлы факторлары, сулы жаралымдардың фашиалды-литологиялық құрамы, олардың сүзілулік қасиеттері әсер етеді. Жоғары тарауларда айтылғандай, бұл аумақ аталған факторлардың болуы бойынша барынша қолайлы.

Орал-Утвин белдемі жерасты ағынының қалыптасуы Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігінің гидрогеологиялық құрылымдарымен байланысты. Орал-Утвин белдемі Каспий маңы ойпатының солтүстік бүйір маңы бөлігін жиектеп, Орал алдының Қарахобда белдемінен шығысқа қарай, Киіл арқылы Жадов ойысына дейін созылып, ары қарай Волж маңы белдемінің аумағына кетеді.

Оның құрамында оның батыс – Өзен бөлігі, ол толығымен жоғарғы плиоцен және төрттік түзілімдермен жабылған және шығыс –Орал маңы шоқысының солтүстік бөлігін қамтитын Утвин бөлігі бөлінеді.

Белдемнің Өзен бөлігінде, Каспий маңы ойпатындағы сияқты бүйірлік ойыс бойында бағытталған тұзды күмбездер дамыған. Озинки бекеті

ауданында Жалпы Сырттың оңтүстік беткейінде субенді созылымдағы окшауланған құрылымдар қатары белгіленеді.

Бұл жерде солтүстіктен оңтүстікке қарай жоғарғы, кейде төменгі бордың дөңесті түзілімдерінде шығу арқылы, аздаған және орташа көтерілімдердің, сол сияқты бор, сирек юра түзілімдерінің күмбездерінде ашылатын, қатты созылыңқы көтерілімдердің жолақтары бөлінеді.

Бірінші құрылымдар көбінесе бойлық және көлденең дизъюнктивті бұзылыстармен бұзылған, екіншілер аз бұзылған. Көтерілімдердің бұл жолақтары енді емес, бірақ көбінесе палеоген түзілімдерінен құралған, терең сызықты ойыстармен бөлінген.

Белдемнің Утвин бөлігінің батысында, Орал өзенінен шығысқа қарай, сызықты құрылымдардың бағытталған жолақтары оңтүстік-шығысқа бұрылып, солтүстік-шығысқа бағытталған дөңеспен енді доғаны түзеді. Каспий маңы ойпатының бұл бөлігінің жергілікті құрылымдарына тән ерекшелік олардың барынша қарапайым құрылымы және аздаған көлемдері болып табылады.

Олар сол сияқты палеоген түзілімдерінен тұратын, және аралас күмбез аралық кеңістіктер фондында бөлінетін өтедік мульдалармен жанамаланады, олардың шектерінде сенон таужыныстары таралған.

Белдемнің Утвин бөлігінің шығысында, Утва және Қила өзендерінің жоғары жақтарынан Елек және Қобда өзендерінің төменгі жақтарына дейін тұзды тектоникамен күрделенген, бағытталған сызықты көтерілімдер мен ойыстар байқалады.

Олардан 90км дейін созылып жатқан, Ішқырған антиклиналды құрылымдық жолағы жақсы бөлінеді. Одан шығысқа қарай сол солтүстік-батыс бағытта Камышев антиклиналды және ары қарай Қазақстан аумағынан шығатын Линева антиклиналды белдемі байқалады.

Қарастырылып отырған аумақтың шығыс бөлігінде Қарақобда құрылымдық белдемі дамыған, ол шығыста Ақтөбе периклиналды ойысымен, оңтүстікте каспий маңы ойпатының Орталық бөлігінде Қилы және Эмбі белдемдерімен шекараласады.

Қарастырылып отырған аумақтың аллювиалды төрттік түзілімдерінің сулы кешеніне Орал, Утва, Дерқұла өзен аңғарлары және оның құйылыстары жанасады. Аллювийдің жалпы қалыңдығы енді шектерде өзгереді: ұсақ өзендердің төменгі жақтарында 2-5метрден ірі өзен аңғарларында 25-30м дейін. Көне палеодолин бар жеке телімдерде сулы түзілімдердің қалыңдығы 50-60м дейін жоғарылауы мүмкін.

Таужыныстарының сүзілулік қасиеттері алаң бойынша және тік қимада өзгермелі. Гравийлі-малталы материалды әртүрлі түйірлі құмдардың сүзілу коэффициенттері 19-150м/тәулік, ал жіңішке түйірлі құмдарда 0,2-ден 1-3м/тәулікке дейін төмендейді.

Орал, Елек өзен аңғарларында аллювиалды түзілімдердің сулылығы жоғары, онда су деңгейі аздап төмендегенде (3-5м) ұңғымалардың дебиттері

5-40л/с жетеді. Басқа аңғарлар мен белдердегі сулы пунктердің шығындары су деңгейі 5-9м төмендегенде 1-8л/с дейін өзгереді.

Орал мен Утва өзен аңғарларында қарастырылып отырған белдемде аллювиалды төрттік түзілімдердің даму алаңында жалпы жерасты ағыны 51,09 млн.м³/жыл және 3,94 млн.м³/жыл немесе 1,62 және 0,13м³/с. Өзен аңғарларының көрсетілген бөліктерде жерасты ағыны модулінің шамасы 0,2-2,5 және 0,1-03л/с*км².

Плиоцен-төменгі төрттік түзілімдердің сулы кешені Жалпы Сырт аумағы мен Сырт алды кертпешінің жолағын алып жатыр. Жерасты сулары бұл жерде сырт қабатымен ұштасқан, олардың жоғарғы бөлігі жеңіл орташа саздақтармен, ал төменгі бөлігі саздармен ашылған. Сырт түзілімдерінің жалпы қалыңдығы аңғар беткейлерінде 10-20метрден су айырықтарда 55м дейін өзгереді.

Сырт қабатының негізінде жалпы қалыңдығы 1-2-ден 6-10м дейінгі ұсақ түйірлі, кейде әртүрлі түйірлі кварцты құмдарда бір немесе екі сулы қабат жатады. Бұл құмдардан басқа, Сырт алды кертпешінің түзілімдерінде 10-15м-ден 20-35м дейінгі тереңдікте сулы құмдар мен құмтастардың қабатшалары кездеседі. Сырт түзілімдері кей жерлерде сусыз.

Жалпы Сырттың солтүстік-шығыс бөлігінде сырт алды құмдары тұтас таралмаған және құмдақты саздардың қабаттарымен араласады. Бұл жерде жерасты сулары шашыранды таралған. Басқа аумақта, сырт қабатының сулы горизонты плиоцен суларымен гидравликалық байланысты, ол созылымы бойынша тұрақты және кей жерлерде 5-12м дейінгі арынды иеленеді.

Сулы горизонттың қалыңдығы аз және кейде 10м жетеді. Оның сулылығы да аз. Су деңгейі 1,6-26,3м төмендегенде, сулы пунктердің дебиттері 0,17-9,6л/с дейін өзгереді. Сүзілу коэффициенті 1-2м/тәулікті құрайды.

Плиоцен – төменгі төрттік түзілімдер таралған аумақта жерасты ағынының модулі 0,1м³/с*км² болғанда, жалпы жерасты ағыны 6,38 млн.м³/жыл немесе 0,20м³/с құрайды.

Палеоген кешені жер бетіне Жалпы және Орал маңы Сыртта шығады және құмдар, опокалы құмдақтар және 1-ден 100-150м дейінгі қалыңдықтағы саз қабатшалары бар опокалармен ашылған. Құмдар әдетте қиманың жоғарғы бөлігінде, ал төменгі бөлігінде опокалар кездеседі.

Құмдақты-опокалы горизонттың жерасты сулары Жалпы және Орал маңы Сырттың оңтүстік бөлігінде, 20-30метрден 50-70метрге дейінгі тереңдіктерде ашылған. Сулардың аздаған арыны бар, олардың ұңғымалардағы деңгейі 5-16м тереңдікте белгіленеді. Су деңгейі 3-5м төмендегенде, олардың дебиттері 0,5-1л/с дейін өзгереді, олардың минералдылығы 0,8-ден 3-5г/л дейін өзгереді.

Сулы кешеннің таралу алаңында жалпы жерасты ағыны, жерасты ағыны модулі 0,07л/с*км² болғанда 2,74 млн.м³/жыл немесе 0,9 м³/с құрайды.

Екі горизонтпен ашылған жоғарғы бор түзілімдерінің сулы кешені: маастрихск және сантон горизонттары Жалпы және Орал маңы Сырттың

оңтүстігінде таралған, көбінесе су айырықты кеңістікті алып жатыр. Маастрихск сулы горизонтының қалыңдығы 10-20м құрайды. Ол құмдақтар, бор, мергел және бормен жанасады. Судың минералдылығы жоғары емес (1-3г/л).

Горизонттың сулылығы айтарлықтай жоғары және 1-3-тен 10-15л/с дейін өзгереді. Сантон горизонты аз алаңдық таралуды иеленеді. Қарастырылып отырған ауданда сантон қимасында құмдақты айырымы айтарлықтай төмендейді, ал Каспий маңы ойпатының орталық бөлігіне қарай карбонатты материалмен араласады, бұл олардың сулылығының күрт төмендеуіне әкеледі.

Сулы пунктердің шығындары бойынша қолда бар деректер олардың сулылығының аздығы туралы дәлелдейді (1-ден 1,5л/с дейін). Бірақта, жоғарғы бор түзілімдерінің даму алаңы бұл жерде көптігін ескергенде, кешеннің жерасты суларының жалпы табиғи ресурстары айтарлықтай жоғары.

Кешеннің жерасты суларының жерасты ағыны, жерасты ағыны модулі $0,1-0,6\text{л/с}\cdot\text{км}^2$ болғанда 80,73 млн.м³/жыл немесе 2,56 м³/с құрайды.

Төменгі бордың сулы кешені альб-сеноманның айтарлықтай сулы қабатымен ашылған және көбінесе Утва мен Қобда өзен алаптарында дамыған және 15-20метрден 50-100м дейінгі қалыңдықтағы құмдақты және құмдақты-сазды түзілімдермен ашылған, кварц-глауконитті құмдар мен малта және конгломерттардың қабатшалары бар құмдақтар барынша сулы болып табылады.

Сулы таужыныстарының терең емес жатуында олар көбінесе бұлақтармен ашылады, олар жылдың құрғақ мезгілінде өзеннің жергілікті ағысын қоректендіреді. Сулардың минералдылығы барлық жерде жоғары емес (1г/л дейін).

Кешеннің жалпы жерасты ағыны, оның бүкіл даму алаңында жерасты ағыны модулі $0,2-0,6\text{л/с}\cdot\text{км}^2$ болғанда 5,68 млн.м³/жыл немесе 0,18 м³/с құрайды.

Қарастырылып отырған Орал-Утвин белдемі шектерінде қалыптасатын жерасты суларының жалпы ағыны 150,56 млн.м³/жыл немесе 4,77 м³/с құрайды.

Орал маңы үстірті жерасты ағынының қалыптасуы. Орал маңы үстірті геокұрылымдық қатынаста Каспий маңы ойпатының шығыс бүйірлік бөлігін және өзінің гидрогеологиялық ерекшеліктері бойынша Каспий маңы ойпатында жерасты суларының қоректенуінің басты облысын ашады.

Үстірттің беті көбінесе ортаңғы-жоғарғы альб, сеноман және сенон-туронның сулы түзілімдерінен құралған, олар құмдар, құмдақтар, конгломераттар, сазды құмдар және мергелді-борлы таужыныстарының қабаттасуымен ашылған. Олардың жалпы қалыңдығы солтүстік-шығыста 80-150метрден, батыс және оңтүстік-батыста 250-300метрге дейін ауытқиды.

Олардың ішінде альб-сеноман құмдақты қабаттарының қимасында барынша сулы болып табылады, қабаттың қалыңдығы 60-120м. Онда жерасты

сулары 5-15метрден 120-130м дейінгі тереңдіктерде жатады, кейде өзен аңғарларының беткейлерінде құрғайды.

Аталған шөгінділер кейбір ашық тұзды күмбездердің көтеріңкі бөліктерінен басқа барлық жерде апт және неоком түзілімдерімен төселеді, ол өз кезегінде шайылу арқылы барынша көне юра, триас және жоғарғы пермь таужыныстарында жатады.

Бұл жаралымдардың барлығы өздерінің гидрогеологиялық параметрлері мен қоректену жағдайлары бойынша қиын жағдайда, сондықтан сапасы жақсы жерасты суларының өнімділігі жоғары горизонттарын қамтымайды.

Барлық бағаланған сулы кешендердің жерасты суларының минералдылығы белсенді су алмасу белдемінде жоғары емес – сулар көбінесе тұщы, 1г/л дейін. Тек ашылған тұзды күмбездердің маңы мен сулы таужыныстарының саздылығы жоғарылағанда олар 2-3г/л дейін жоғарылауы мүмкін.

Біздің соңғы деректерімізге сүйене отырып, Ж.С.Сыдықовпен бұрында жүргізілген есептеулер, Орал маңы үстіртінің шектерінде қалыптасатын, жерасты суларының сапалы табиғи ресурстарының айтарлықтай көлемдері туралы бағалауды дәлелдейтінін айтуға болады.

Әрбір сулы кешеннің қимасында қарастырылып отырған аумақтың жерасты сулы ағынының қалыптасу жағдайларын толық қарастырмай, оны бағалаудың соңғы сандарына тоқтаймыз.

Қобда, Ойыл, Сағыз, Ембі өзен аңғарларында аллювиалды төрттік түзілімдердің даму алаңы шектерінде, палеоген, жоғарғы және төменгі бор, триас-юра таужыныстарының сулы кешенінің жалпы жерасты ағыны 1089,55 млн.м³/жыл немесе 34,55 м³/с құрайды. Көрсетілген шамалар негізінен бұрынғы бағалауларға сәйкес келеді, дегенмен олар бұрынғылардан шамалы төмен. Мұндай айырмашылықтар сол немесе басқа сулы кешенді сипаттайтын, жерасты сулары модулдері шамасын барынша қатаң таңдағаннан болған.

Бұл принцип осы жұмыста сулы таужыныстарының сүзілулік параметрлерін анықтауда және бағаланатын сулы кешендердің даму алаңдарын барынша нақты анықтауда қателіктерді барынша ескеру үшін қолданылған.

Оңтүстік-Ембі белдемі жерасты ағынының қалыптасуы. Орал маңы құрылымдық-тектоникалық белдемінен оңтүстік және оңтүстік-батысқа қарай, Орыс платформасының Каспий маңы ойпатының көне палеозой мен жас Тұран тақтасының платформасынан ажырататын тереңдік тектоникалық жапсар бойында, Оңтүстік-Ембі құрылымдық-тектоникалық белдемі орналасқан.

Бұл жерде аумақта Ембі өзені ағысы алабының үлкен бөлігінде сулы кешендер дамыған, гидрогеологиялық құрылымдар қатары бар. Олардың ішінде бірінші орында Доңғыстау артезиандық алабы тұр. Ары қарай, оңтүстік-батыста, Оңтүстік-Ембі көтерілімі шектерінде Оңтүстік-Ембі

артезиандық алабы жатыр, оның аумағында Ембі деп аталатын, көптеген мұнай кенорындары орналасқан.

Мұғалжар маңы жолағында жерасты сулары терең емес жатады, кей жерлерде бедердің төменгі бөліктері мен аңғар бүйірлерінде бұлақтар түрінде жер бетіне шығады. Ары қарай, батыс және оңтүстік-батыста жерасты сулары 600м дейінгі тереңдікке төмендейді. Қабат төмендеген сайын судың гидравликалық арыны жоғарылайды, салдарынан оларды ұңғымалармен ашқанда пьезометрлік деңгей жер бетінен 25-50м белгіленеді.

Төменгі бордың сулы құмдақты түзілімдері 60-150м құрайды. Өзіндік құйылыста сулы пункттердің дебиттері 30-32л/с жетеді. Бор түзілімдері сулары сапасы бойынша тұщы және аз тұзды, құрғақ қалдық алаптың солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігінде 0,5-2,0г/л-ден, оңтүстік-батыс және батыс бөлікте 3-3,5г/л дейін жетеді.

Оңтүстік-Ембі артезиандық алабының жерасты сулары айтарлықтай сулы, бірақта олардың теңіздік төрттік сазды түзілімдерге батуына байланысты қатты минералданған. Олар Батыс Қазақстанның Ембі мұнай өндіру провинциясының тұзды күмбезді құрылымдары шектерінде көптеген мұнай өндіретін ұңғымалармен ашылған. Олардың қалыптасуы мен химиялық құрамына мұнай кенорындарының гидрогеологиялық жағдайларының ерекшеліктерін сипаттайтын, көптеген әдебиеттер арналған.

Қарастырылып отырған аумақта палеоген түзілімдері кеңінен таралған. Мұғалжардың бүкіл оңтүстік жиегінде теңіздік палеоген түзілімдері, өзінің төменгі бөлігінде кварцты-глауконитті құмдармен және құмдақтармен ашылған, олардың қалыңдығы 5-50м құрайды.

Мұғалжардан алыстаған сайын олардың қалыңдығы азаяды және құмдардың өзі сазға айналады. Оның орнына қимада жіңішке түйірлі құмдар, құмдақтар, опокалардың қабатшалары бар, сазды-опокалы түзілімдер басым жағдайды алады. Таужыныстарының нақты осы айырмашылықтары жергілікті мәндегі жерасты суларының айтарлықтай сапалы ресурстарын құрайды.

Сөйтіп, қарастырылып отырған белдемнің жерасты ағынын бағалау Ембі өзені аңғарында төрттік аллювиалды горизонттардың, теңіздік төрттік түзілімдердің, палеоген және төменгі-жоғарғы бор сулы кешендерінің айтарлықтай сулылығы туралы дәлелдейді.

Аталған кешендердің даму алаңында жалпы жерасты ағыны 190,25 млн.м³/жыл немесе 6,03 м³/с құрайды. Жерасты сулары модулдерінің шамасы келесідей шектерде өзгереді (л/с*км²): аллювий үшін – 0,1-0,4, теңіздік түзілімдер – 0,1-0,3, палеоген – 0,07-0,2, бор – 0,2-0,4.

Сортаңды түзілімдердің жерасты сулары аздаған телімдер таралған, олар барынша жоғары гипсометрлік белгілерде жататын, көне сулы қабаттардың жерасты суларының арылу ошақтары болып табылады. Сулар лайлы жіңішке түйірлі құмдар, құмтастарда кездеседі, қатты минералды және практикалық маңызды емес.

Жерасты ағынының модулі $0,1 \text{ л/с*км}^2$, есептеу алаңында жерасты ағыны $0,01 \text{ м}^3/\text{с}$ немесе $3,1 \text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ құрайды. Сипатталып отырған аудан бойынша жалпы жерасты сулы ағын $48,8 \text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $1,55 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды.

2.4 Оңтүстік Маңғыстау және Үстірттің көтеріңкі денудациялық шоқысы

Қаратау-Солтүстік-Ақтау төмен таулы ауданының шығысы мен оңтүстігіне қарай Үстірт пен Оңтүстік Маңғыстау енді денудациялық жазығы орналасады, олардың үлкен алаңы әртүрлі неоген трансгрессияларының (понтикалық, мэотикалық, сармат және тортон) карбонатты түзілімдерінен құралған.

Жазықтар аумағында денудация және сілтілену процестарымен көптеген ойпаттар пайда болды – Қарагие, Өзен, Жасқұрлы, Басқұрлы және т.б. Ойпаттардың бүйірлері мен түптерінде, сол сияқты Үстірттің шыңдарында палеоген мен бор жасындағы барынша көне жаралымдар ашылады.

Төмендеулердің түптері көбінесе сортаңдармен ашылған. Үстірттің үлкен алаңында және шыңдардың етегі бойында таралған төрттік жастағы плиоцен түзілімдері алаңдары әртүрлі массивтерде жатады.

Құмдардың ауысуы процесінде олар қалыңдығы әртүрлі эолды массивтерді құрайды. Эолды құмдардың эолды массивтерінің барынша ірі массиві – Сам. Каспий теңізі жағалауы бойында жолақта теңіздік жаралымдар $0,5 \text{ км}$ дейін дамыған.

Түпқараған түбегінде, Қарагие, Өзен ойпаттары мен шыңдарда аздаған телімдермен жер бетіне шығатын, бор және палеоген түзілімдерінің жерасты сулары әдетте қатты минералды, тұздардың құрамы 10 г/л жоғары, түзілімдердің сулығы өте төмен. Бұл телімдердегі сулардың практикалық маңыздылығы жоқ.

Бұл жерде бағаланған жерасты ағыны, төменгі бор түзілімдерде жерасты ағынының модулі $0,1 \text{ л/с*км}^2$, жоғарғы бор түзілімдерінде $0,02 \text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $0,6 \text{ м}^3/\text{с}$, палеоген түзілімдерінде $0,54 \text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $17,3 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды.

Сипатталып отырған белдем шектерінде неоген түзілімдері көп таралған. Таужыныстары жарықшақты карсталған әктастар, әктас-ұлу тас, саздардың қабатшалары бар мергелдермен ашылған. Жерасты сулары арынсыз, жатыс тереңдігі $15\text{-}60 \text{ м}$ шектерде ауытқиды. Таужыныстарының карстануына байланысты сулылық айтарлықтай шектерде өзгереді.

Орта есеппен, су деңгейі $1\text{-}3 \text{ м}$ төмендегенде ұңғымалардың дебиттері $0,5 \text{ л/с}$ жоғары болмаса, онда қолайлы телімдерде (Кетік, Ақшұқыр, Жарауыл, Шымрау) Оңтүстік Маңғыстау шектерінде ол 1 л/с дейін жоғарылайды.

Оңтүстік Маңғыстаудың неоген түзілімдері 5 г/л минералдылықты жерасты суларын құраса, онда ұқсас телімдерде минералдылық 3 г/л жоғары

емес, сулар жерді суару үшін, тұщыланған телімдерде – шабан бригадаларын сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады.

Бұл ретте, көп сутарту жерасты суларының минералдылығының жоғарылауына әсер етеді. Ол жерасты суларының тереңдеген сайын тұздылығының жоғарылауынан байқалады, кейде химиялық құрамы өзгереді. Неоген түзілімдері жерасты суларының химиялық құрамы негізінен сульфатты-хлоридті-натрийлі, натрийлі-магнийлі.

Үстірт шоқысы шектерінде түзілімдердің сулылығы судың бұлақтармен құрғауы есебінен шыңдарға жақындағанда төмендейді. Шың маңы белдемінде ұңғымалардың дебиттері 0,1 л/с жетеді.

Қиманың солтүстік және орталық бөліктерінде неоген сулы қабатында 3-5 г/л минералдылықты сулар көп кездеседі. Бұл жерде сол сияқты қолайлы телімдерде бөлінеді, қиманың жоғарғы бөліктерінде тұщы сулар мен аз тұзды сулардың линзаларын түзетін, тұщыланған сулар ұштасады.

Үстіртте өзен, тұщы көл тіпті жоқ, бірақ ауыз суға, жер суландыруға жарамды жерасты суының мол қоры анықталды

Олар құдықтармен ашылады және шабан бригадаларын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Осындай тік гидрохимиялық белдемділіктің арқасында құдықтардың максималды тереңдігі 15-20 м жоғары емес, кейде 5-6 метрді құрайды.

Үстірт шоқысының оңтүстік бөлігінде сулардың тұздануы жоғарылайды (5 г/л жоғары), түзілімдердің сулылығы төмендейді. Оған себепкер оңтүстікке қарай қиманың саздылығының жоғарылауы болып табылады.

Үстірт шоқысы Маңғыстау түбегінен Арал теңізіне дейінгі аймақты қамтитын жерасты суы бар аймақ. Үстірт шоқысының ауданы 270 мың км². Оның нағыз арынды артезиандық су кешендері (қалыңдығы 2000 — 3500 м, минералдылығы 3-20-дан 100-200 г/л-ге дейін) қатпарлы пермь-триас қабаттарының үстіндегі юра, бор, палеоген, төменгі неогеннің құмтасты, құм-балшықты, әктасты шөгінділерінің қойнауында қалыптасқан.

Бұл түзілімдердің бетінде түгелдей жоғары неоген (сармат кезеңі), кей жерлерде төрттік кезеңнің әктасты, борпылдақ құмды таужыныстарында ауыз су ретінде пайдалануға жарамды арынсыз грунттық сулы қабаттар орналасқан. Арынды қабаттарға жеткізіле қазылған ұңғымалардан алынған су тым ыстық (100-130°С), өнімділігі шамалы (тәулігіне 250-400 м³).

Бұлар ауыз суы ретінде пайдалануға жарамсыз. Минералдылығы жоғары (100-200 г/л) тұздық сулардан әр түрлі өнеркәсіптік бағыттарда пайдалануға болатын ас тұзын, көптеген шашыранды және сирек кездесетін элементтерді және калий, стронций, бром, аммоний, бор қосылыстарын алуға болады.

Жерасты суларының қоректенуі атмосфералық жауын-шашындардың есебінен, неоген түзілімдерінің таралу алаңы бойынша жүзеге асырылады. Арылуы ағынсыз ойпаттар мен шыңдарда сынамалану жолымен болады.

Оңтүстік Маңғыстау мен Үстірт аумағында неоген түзілімдерінің даму алаңдары шектерінде жерасты ағынының шамасы, жерасты ағынының модулі 0,07 л/с*км² болғанда, 222,9 млн.м³/жыл немесе 7,07 м³/с құрайды.

Плиоцен-төрттік түзілімдердің жерасты суларының практикалық маңыздылығы жоқ. Судың аздығы мен қатты тұздылығы жерасты суларын пайдалану үшін жарамсыз етеді. Жерасты ағынының модулі $0,1 \text{ л/с*км}^2$ аз, осыған байланысты жерасты су ағыны $0,6 \text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $0,02 \text{ м}^3\text{с}$ құрайды.

Бұл түзілімдердің құмдақты қимасының қайта електелген бөлігі айтарлықтай қалыңдықтағы құмдақты массивтерді түзеді. Сам құмдақты массиві шектерінде, Үстірттің солтүстік-батысында өзіне төрт линзаны қосатын, жерасты суларының аттас кенорыны барланды.

Жерасты сулары Бейнеу аудан орталығы мен кішкене ауылдарды ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су көзі болып табылады, бірақ кенорын айтарлықтай алыста орналасқандықтан уақытша пайдаланылмайды.

Сулы горизонттың қалыңдығы 5-25м дейін өзгереді, сулар грунтты, жерасты суларының жатыс тереңдігі 0,8-18м дейінгі тереңдікте жатады. Ұңғымалардың дебиттері су деңгейі 1-5метрге өмендегенде, $0,1-3 \text{ л/с}$ құрайды.

Сулар тұщы, минералдылығы 1 г/л дейін, химиялық құрамы хлоридті-гидрокарбонатты натрийлі және кальцийлі-натрийлі. Массивтің шет жақтарында жерасты суларының минералдылығы 3 г/л дейін жоғарылайды.

Кешенде жүргізілген режимдік зерттеулерге сәйкес, жерасты сулары қорының толуы атмосфералық жауын-шашындардың инфильтрациясы есебінен, арылу Сам сортаңында және құмдақты массивтің жиектері бойынша басқа да кішкене сортаңды төмендеулерде болады.

Құмдақты массив шектерінде, жерасты ағынының модулі $0,1 \text{ л/с*км}^2$ болғанда, жерасты ағынының шамасы $1,6 \text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $0,5 \text{ м}^3\text{с}$ құрайды.

Сортаңды түзілімдердің жерасты сулары ойпаттың түбін, шың маңы белдемі мен Сам құмдақты массивтің жиегін алып жатқан, сортаңдардың шектерінде ашылған. Сулар грунтты, кейде $0,5$ дейінгі аздаған арынды иеленеді. Сулылық түзілімнің саздылығы жоғары болғандықтан аз, жерасты суларының минералдылығы 10 г/л жоғары. Сулар пайдаланылмайды.

Жергілікті тұрғындар лайлы сортаңды топырақтарды кейде емдік мақсаттарда пайдаланады, бірақ ресми бальнеологиялық тұжырымдама жоқ. Сондай-ақ, Ащысор және Оймаша сортаңдарының ауданында, сортаң алаңдарының үлкеюіне өздігінен төгілетін ұңғымалар әсер етеді. Өздігінен төгілудегі деңгейі $3-5 \text{ л/с}$ жетеді, сулар тұзды, термалды және олар сортаң бетінен буланып топырақ пен суды одан ары қарай тұздайды.

Сортаң шектерінде жерасты ағынының модулі $0,1 \text{ л/с*км}^2$ болғанда, жерасты ағынының шамасы $15,7 \text{ млн.м}^3/\text{жыл}$ немесе $0,5 \text{ м}^3\text{с}$ құрайды.

Төрттік жастағы теңіздік түзілімдер Каспий теңізінің жағалауында жолақпен дамыған, ені 5-1метрден 500метрге дейін өзгереді, Құмдақты мүйісінде $3,5-4 \text{ км}$ дейін жетеді.

Бұл құмдар литологиялық ұсақ түйірлі, құмтасты және саздақты. Таужыныстарының қалыңдығы 1-2метрден 5-10м дейін өзгереді, сулар грунтты, $0,6-6,5 \text{ м}$ тереңдіктерде ашылады. Қалыңдығы аз телімдерде жерасты

сулары әдетте тұзды, сулылығы аз, су деңгейі 1-2м төмендегенде құдықтар мен ұңғымалардың дебиттері 0,1л/с сирек жетеді.

Түзілімдердің қалыңдығы 10м жететін телімдерде, горизонттың жоғарғы бөлігінде тұщы сулардың линзалары пайда болады, олар суды қарқынды шығаруда тұзды сулармен алмасады.

Құмдақты мүйісінде 3км² алаңды қамтитын ірі линзалы тұщы жерасты сулары Ералиев ауылын сумен қамтамасыз ету үшін 10 жылдан аса пайдаланылды. Суды тарту 700м³/тәуліктен жоғары болды, жаз мезгілінде 1200м³/тәулікке жетті. Тұзды суларды тарту үлкен сутартуды болдырды. Ауыл үлкейген сайын су жеткіліксіз болды, сондықтан басқа сумен қамтамасыз ету көзі таңдалды. Сутартқыштың жұмысы қазіргі уақытта тоқтатылған.

Тұщы сулар сульфатты, хлоридті-магнийлі, тұзды және тұзды сулар көбінесе хлоридті магнийлі-натрийлі құрамды иеленеді.

Жерасты сулары бүкіл таралу алаңында атмосфералық жауын-шашындардың сіңуі, сол сияқты температура төмендегенде су буларының конденсациясы есебінен қоректенеді. Теңіздік төрттік түзілімдердің жерасты сулары Каспий теңізінің жер беті суларымен гидравликалық байланысты екенін айта кеткен дұрыс, теңіз деңгейінің көтерілуі жерасты суларының деңгейі мен минералдылығының жоғарылауына әсер етеді.

Жерасты суларының арылуы деңгейдің жер бетіне жақын болуында және Каспий теңізінде жерасты сулары деңгейінің барынша жоғары гипсометрлік жағдайы бар телімдерде булану арқылы болады. Судың тұздылығы Солтүстік Каспийде құбылмалы, ал Еділ мен Жайық сағасына жақын жерде 0,2-2‰ болса, орталық бөлігі 10-12‰-ге дейін көбейеді. Орталық және оңтүстік бөліктерінде тұз құрамы онша өзгермейді, әдетте 13-14% болады.

Сулы түзілімдер дамыған алаң шектерінде, жерасты ағынының модулі 0,07л/с*км² болғанда, жерасты ағынының шамасы 3,15 млн.м³/жыл немесе 0,1м³/с құрайды.

Оңтүстік Маңғыстау мен Үстірттің көтеріңкі шоқысы шектерінде жалпы жерасты ағыны 26189 млн.м³/жыл немесе 8,31м³/с құрайды.

2.5 Каспий маңы – Бозащы алқапты жазығы

Бұл ауданға кіретін гидрогеологиялық құрылымдар Каспий теңізін жиектейтін, алқапты жазықты аумақты қамтиды. Барлығы осыған дейін хвалын теңізінің түбі болды, ол мұхит деңгейінен 50м жоғары орналасты және Каспий маңы ойпатын толықтай су басты.

XIX ғасырдың 70-ші жылдарында Тентек сортаңы, онда Доссор және Мақат мұнай өнеркәсібі орналасқан және оны да толықтай су басты. Одан кейін, 1931жылдары теңіздік сулардан 25,6-28м белгілер арасында орналасқан жолақтар босады. Осы уақытта Қайдақ және Комсомолец шығанақтары құрғады және олардың орнынан үлкен тұзды батпақты ойпаңдар пайда болды.

Содан кейін, қазіргі уақытқа дейін Каспий теңізінің езекті трансгрессиясы жалғасуда (1978-2005), Қайдақ және Комсомолец шығанақтары қайтадан теңіз суымен толған және теңізге қосылды.

Каспий маңы ойпатына жанасатын жамылғылық түзілімдер, соның ішінде оның Бозашы бөлігі де, барынша көне таужыныстарында жататын, төрттік жастағы теңіздік трансгрессияның құмдақты-сазды шөгінділерімен ашылған.

Каспий маңы ойпаты шектерінде жоғарғы гидрогеологиялық қабаттың гидрогеологиялық жағдайларына көптеген тұзды күмбездер үлкен әсер етеді. Өзен аңғарлары аллювиалды түзілімдерден құралған. Теңізге жақын жерде сортаңды төмендеулер көп таралған, олар ойпатты теңіздік жазықтарға жанасатын жер беті ағынының соңғы алаптарын ашады, ал жел бөгеттік теңіздік сулардың шектерінде олар теңізге құйылады.

Жеке телімдерде, әсіресе Волга мен Орал өзен аралықтарында електелген эолды құмдардың массивтері дамыған (Нарын, Бұйрық-Тайсойған, Каспий маңы Қарақұмдары мен Бұзащы), олар тұщы жерасты суларын жинау үшін қосымша табиғи резервуарлар болып табылады.

Орталық-Каспий құрылымдық-тектоникалық белдемі жерасты ағынының қалыптасуы. Еркін су алмасу белдемінің жерасты сулары бұл жерде төрттік таужыныстардың барлық генетикалық айырмашылықтарымен ұштасады.

Каспий маңы ойпаты шектерінде барынша көне түзілімдерде жататын жерасты сулары су алмасуы баяу белдеуде орналасқан, олар жеке телімдерде тұзды және тұздықты және сумен қамтамасыз ету үшін жарамсыз болып табылады. [9]

Қарастырылып отырған аумақ үшін көптеген өзен аңғарларындағы аллювиалды түзілімдердің сулы кешендерінің практикалық маңыздылығы бар. Біз жерасты сулы ағынының ерекшеліктері бойынша, белдем асты деп атаған, 4 топ бөлінді: 1) Үлкен және Кіші өзен аңғарлары; 2) Күшім өзені; 3) Орал өзен; 4) Өлеңті, Солянка, Бұлдырты, Қалдығайты, Жақсыбай, Ойыл, Сағыз, Ембі.

